

Жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер мен демонстрациялар өткізу тәртібін қосымша реттеу туралы

Күшін жойған

Қарағанды қалалық мәслихатының III шақырылған LI сессиясының 2007 жылғы 13 шілдедегі N 3 шешімі. Қарағанды облысы Қарағанды қаласы әділет басқармасында 2007 жылғы 16 шілдеде N 8-1-56 тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды қалалық мәслихатының 2016 жылғы 24 тамыздағы N 40 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды қалалық мәслихатының 2016 жылғы 24 тамыздағы N 40 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қарағанды қаласы әкімдігінің жиналыстарды, митингілерді, шерулерді, пикеттер мен демонстрацияларды өткізу тәртібін қосымша реттеу туралы ұсынысын қарастырып, Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңын, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар ұйымдастыру мен өткізу тәртібі туралы" Заңын, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын, қоғамдық қауіпсіздікті, сондай-ақ көліктің, өзге де инфрақұрылым объектілерінің қалыпты жұмыс істеуін, жасыл желектер мен шағын сәулет нысандарының сақталуын қамтамасыз ету мақсатында Қарағанды қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Қарағанды қаласында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу орындары:

1) Бұқар Жырау даңғылы және "Жана Майқұдық" мәдениет үйі, "Молодежный" мәдениет үйі, "Теміржолшылар" мәдениет үйі, Әлиханов көшесі бойындағы "Мәңгі алау" естелік монументі, Республика даңғылындағы "Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі" және Приканальная көшесі бойындағы "Сүйінші" монументтері, Жауынгер-интернационалистер көшесі бойында цирк алдындағы "Юность", БЛКЖО 30 жылдығы атындағы мәдениет және демалыс саябағындағы "Эстрадалық алаң", Бұқар Жырау даңғылы және Жауынгер-интернационалистер көшесі жағынан "Фонтандар каскады" алаңдары тиісті мемлекеттік органдармен ұйымдастырылатын облыстық және жергілікті маңызды ресми шараларды және де мемлекеттің, облыстың жоғары тұлғалары және Қарағанды қаласы басшылығының қатысуымен өзге де шараларды өткізу үшін;

2) "Литейщик" стадионының алаңы (12 мөлтек аудан) қоғамдық-саяси тұрғыдағы мемлекеттік емес іс-шаралар өткізу үшін;

3) Басқа алаңдар мен гүлзарлар олардың сәулеттік және қызметтік пайдалануына сай ресми және мәдени-сауық шараларды өткізуге үшін деп анықталсын.

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан күннен қолданысқа енгізіледі.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау адам құқықтары, заңдылық, этика, наградалар, регламент, атаулар және қайта атаулар мәселелері бойынша тұрақты комиссиясына жүктелсін (төрағасы Кистанов Сергей Павлович).

III шақырылған қалалық

мәслихаттың кезектен тыс

II сессияның төрайымы

Қалалық мәслихат хатшысы

Е. Сарсембаева

Қ. Бексұлтанов